

Абай атындағы № 31 жалпы орта мектеп кітапханасының 2024-2025 оқу жылында жылдық жоспар бойынша өткізілген іс- шараларының мәлімет

Мектеп кітапханашыларының 2024-2025 оқу жылы кітапхана қорына келген жаңа оқулықтарды қабылдап, қорға енгізуден басталды.

Тамыз- қыркүйек айларында мектепшілік бұйрық шығарып, кесте бойынша оқулықтар тарқатылды.

Тамыз айында 10 тамыз Абай күніне орай “Ұлы халықтың - Ұлы Абайы” тақырыбында іс- шара болып өтті. Іс - шара мектеп кітапханасындағы ақын шығармаларымен және “Абайдың сөзі- қазақтың бойтұмары” тақырыбындағы тұрақты кітап көрмесімен танысудан басталды. Іс - шарада оқырмандар Абайдың өлеңдерін жатқа оқыды.



Қыркүйек айында тіл мерекесіне орай кітапханада “Қазақтың болашағы - қазақ тілінде” тақырыбында тұрақты кітап көрмесі қойылған.



Түркістандық төлтумаларды насихаттау мақсатында Сұлтанбек Қожановтың туғанына 130 жыл толуына орай библиографиялық құрал құрастырылып, оқушыларға таныстырылды.



Балалар кітапханасы жобасы аясында Бердібек Соқпақбаевтың туылғанына 100 жыл толуына орай мектеп кітапханасында «Бекзат» кітапханасының кітапханашысы Г.Айқыновамен бірге 6-7 сынып оқушылары арасында «Балалар әдебиетінің атасы» тақырыбында іс-шара өткізілді.

Іс-шарада Бердібек Соқпақбаевтың кітаптарынан кітап көрмесі қойылды. Оқушыларға Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесінен тест сұрақтары берілді. Бұл шығарманың басты мақсаты – жақсылыққа тәрбиелеу. Қожаға еліктеген бала қаншама бала әдебиетке жақын болып, кітап та жазғандары бар. Сондықтан оның шығармаларын іздеп оқитындар қатары алдағы күндері де көбейе түсетіндігі күмәнсіз.



Қазан айында қазақтың жазушы мемлекеттік және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллинге 130 жыл толуына орай бастауыш сыныптар арасында «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Сайыстың мақсаты: Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу, ақынның өз заманындағы саяси - қоғамдық көзқарасын таныту, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.



2024-2025 оқу жылында мектеп кітапханасының кітап қоры қалалық білім бөлімінің қолдауымен біршама көркем әдебиеттермен толықтырды.

Жаңадан келген көркем әдебиеттерді жарнамалау мақсатында буктрейлер өткізілді




Мектеп кітапханашылары «Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқырмандарымызды кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Ертегілер еліне саяхат» тақырыбында бастауыш сыныптар арасында ертегі оқу сағатын ұйымдастыруды қолға алып отыр.

3 «Ә», 3 «В» сынып оқушылары ертегілерді қызыға тыңдап, өздерінің білетін ертегілерімен бөлісті. Сонымен қатар мектеп кітапханашылары оқырмандарды кітапханадан кітап алып оқу тәртібімен таныстырды. Бастауыш сынып оқушылары каникул күндерінде сынып жетекшілерінің бастамасымен кітапханадан ертегілер алып оқиды және сол оқыған ертегілерден түсініктер айтып береді.



Жыл басынан бері Түркістан облысының білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен өтіп жатқан “Кітапхан” жобасына оқырмандар тіркеп отырдық. Оның ішінде оқу ісі меңгерушілері арасындағы сайысқа мектебімізден Смаилова Гүлмира қатысып, ширек финалға дейін жетті.



Желтоқсан айында ҚР халық жазушысы, ақын Фариза Оңарсынованың туғанына 85 жыл толуына орай “Жыр- менің жалғыз тарланым” атты библиографиялық ақпараттық құрал құрастырылып, оқырмандарға таныстырды.


Библиографиялық құралда Фариза Оңғарсынованың өмірбаяны, өлеңдері жарияланған. Сонымен қатар ақын жазушылардың Фариза ақынға деген жылы лебіздері берілген.



Қаңтар айында мектеп кітапханасында жас мамандар Ж.Асқарова мен М.Таукебаеваның ұйымдастыруымен кітапханашылар Г.Куленова мен Н.Айдарбековалармен бірлесе отырып “Табысты мұғалім - табысты оқушы” атты кіріктірілген сабақ өткізілді. Мақсаты: оқушыларға бәсекеге қабілетті тұлға ретінде ұстаздарымыздың берген білімінен нәтиже көрсетіп жүрген табысты шәкірттерімізді оқырмандарға насихаттау. Табысты мұғалімдер қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Момбекова Айгүл өз шәкірті Насурлаева Ақкербезбен келсе, денешынықтыру пәнінің мұғалімі Қуатбек Майра шәкірті Пернебай Аянамен келді. Ұстаздар оқушыларымен бірге жеткен жетістіктері туралы сөз қозғап, қиыншылықтарымен және қызықты оқиғаларымен бөлісті.



Қаңтар айында оқырмандарымызды Ұлы ағартушы Шоқан Уалихановтың туылғанына 190 жыл толуына орай “Жасындай жарқ еткен ғұмыр” атты библиографиялық құралмен таныстырдық.



Мектеп кітапханасында ақпан айының 14 жұлдызы Халықаралық кітап сыйлау күніне орай “Кітапханаға кітап сыйла” акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: кітапханадағы көркем әдебиеттер қорын толтыру, “Өзің оқы, досыңа сыйла” атты кітап көрмесіне оқырмандарымыздың өз тарапынан оқыған кітаптарын сыйлауға мүмкіндік жасау. Мектеп кітапханасына мұғалімдер атап айтқанда Сейтжамалова Салтанат, Раметова Малика, Абдраманов Расулхан өздерінің жеке кітапханасынан оқыған кітаптарын әкеліп сыйлады. Сонымен қатар мектеп түлегі Ералықызы Асылзат өзі шығарған “300 Қайраткер” кітабын сыйға тартты.



8 наурыз - Аналар мерекесіне орай ақын- жазушылардың аналар туралы шығармаларын оқырмандарға таныстырып, оқуға ұсыну. Мақсаты: оқушыларға ананың қадірін түсіндіру. Өмірдегі аналардың жасаған ерліктерін тәнті ету.



2 сәуір халықаралық балалар кітабы күніне орай бастауыш сыныптар арасында 5 минуттық кітап оқу марафоны ұйымдастырылды.



4 сәуір Мектебіміздің түлегі, олимпиада чемпионы Бекзат Саттархановтың туылғанына 45 жыл толуына орай кітапханада танымдық сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты: Оқушылармыздыбылғары қолғап шебері Бекзат Саттархановтың алған асуларымен таныстырып, өз өлкеміздің батырларын насихаттап, оқушыларды спортқа баулу



Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арнап мектебімізде 1 ай көлемінде өткізілетін іс- шараның ашылу салтанаты болып өтті. Іс- шарада кітапхана “Абайдың сөзі- қазақтың бойтұмары” атты ашық кітап көрмесімен таныстырды. Іс- шараның қонағы М.Әуезов атындағы ОҚМУ “Абайтану ” ғылыми- зерттеу орталығының жетекшісі, Абайтанушы Мақсат Әліпхан өзінің “Адамгершілік ілімі және хакім Абай” атты кітабын сыйлыққа берді.



Түркістан қаласының білім бөлімінің ұйымдастыруымен Ұлы Абайдың 180 жылдығына орай кітапханашылардың ұйымдастыруымен Абай мектебінде оқыған әрбір оқушы ұлы Абайдың 1 өлеңін жатқа оқу керек деген мақсатпен “Ұлы даланың ұлы ақыны- Абай” тақырыбында челендж ұйымдастырылды. Челенджге 1-11 сынып оқушылары қатыстырылды.



23 -сәуір-дүниежүзілік ұлттық кітап күніне орай “Ертегілер- халық даналығының айнасы” атты кітапханалық сабақ ұйымдастырылды. Бұл іс- шарада балалар өздерінің оқыған халық ертегілерімен бөлісті.



23 сәуір- Ұлттық кітап күні №11 Ж.Жабаев атындағы жалпы орта мекбінде аймақтық кітапханашылар Б.Алипова, Г.Балабаева, Г.Куленова, Н.Айдарбекова, А.Жайықбаева, А.Аяпованың ұйымдастыруымен “Кітап оқитын адам- үлгі тұтарлық тұлға” атты әдеби танымдық кеш ұйымдастырылды. Мақсаты: балаларды кітап оқуға баулу, жергілікті ақын- жазушылардың шығармашылығын насихаттау

Кештің құрметті қонақтары: қаламы ұшқыр, сөзі нұсқалы журналист- Алима Пошанова, білім мен тәрбие жолында аянбай еңбек етіп жүрген ұстаз Расулхан Абдраманов, жүрек тербетерлік жырларымен танылған ақын- Әсел Бимырзаева.



Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арнап ата-бабаларымыздың ерен еңбектерін мәңгі есте сақтау, рухани тағзым кылу мақсатында мектеп кітапханасында оқырмандармен ашық кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Ұлы Отан соғысына қатысушылардың есімдерін ұлықтау және өскелең ұрпақтары патриоттық рухта тәрбиелеу, Отанға деген мақтаныш сезімін ояту. Қазақстанның қаһармандық ерліктерге толы тарихына құрметпен қарауға үйрету болды. “Ұлы Жеңіс ұрпаққа аманат” атты кең көлемді кітап көрмесіне сұрапыл соғыстан елімізді аман сақтап болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдырған қазақ батырларының ерліктерінен сыр шертетін кітаптар көрмеге қойылды.



Жыл соңында келесі 2025-2026 оқу жылына оқулықтарға сұраныс берілді. Оқу жылының аяқталуы туралы бұйрық негізінде оқулықтарды қабылдап алдық. Жаңа оқу жылына жұмыс жоспары түзілді.

Мектеп директоры

Н.Ахметов



Дайындағандар: Г.Куленова

Н.Айдарбекова